
Формирования и развития технической базы сельского хозяйства является основой повышения его производительности. В статье рассмотрены основные направления развития технической базы сельского хозяйства.

Forming and development of technical base of agriculture is basis of increase of his productivity. In the article the basic are considered development of technical base of agriculture.

ӘОЖ 631:633.1

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТҰҚЫМДАРЫН ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫМЕН ЖИНАУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

POSSIBILITIES HARVESTING NEW PUTTING GENERATIONS (PASTURE) VEGETATION

Тойлыбаев М. С., Нүсіпжанов Н. С.
M. S.Toilybaev, N. S. Nussipzhanov

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Қазақстан Республикасындағы пайдаланылатын табиғи жемдік шөп жерлері 180 млн га астам ауданын құрайды, ол мал азығының арзан жемін береді де, малшаруашылығы өнімінің маңызды үлес салмағына ие болады. Бірақ, жайылымдықтардың құрғақшылығы мен тиімді пайдаланбауынан, қажетті күтімнің болмауы және қолданылатын жерлердің жақсартылмауынан, өнімнің төмен болуына байланысты, жемдік қорлардың шектелуі байқалады. Қуаңшылық жайылымдықтарының өнімділігін арттырудың негізгі тәсілі, олардың құнарлылығын жақсарту болып табылады, сонымен бірге олардың орнына тұқым себілген жайылымдықтар мен жайылымдарға жергілікті жағдайларға бейімделген, бағалы жемдік шөптердің тұқымын қосымша, үстемелеп егу жолымен жасау керек.

Пайдаланымдағы бар, кеңейтілген және жақсартылған жайылымдар жасауға байланысты, тұқым өсіруге, әсіресе, жиып алынған және жиып алынғаннан кейінгі тұқымдық дәндерді өңдеуге аса үлкен көңіл бөлу қажет.

Комбайнның астық бастырғыш аппаратын пайдаланған кезде, шөптің сабақтары майдаланады да, ал тұқымдары зақымдалатыны белгілі, одан алынатын дәндер құрамының сапасы төмендейді. Тұқымдар механикалық зақымданулар алады да, соның салдарынан жақсы өскін бермейді. Майда қоқысты қоспалардың үлкен мөлшерде болуы, тұқымдарды жинастырғаннан кейінгі өңдеу кезінде, үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан жайылымдық шөптердің жемдік қоймаларын одан әрі кеңейтудегі маңызды мәселе, тұқымдардың сапалы жинастырылуының дәрежесіне байланысты болады.

Бірінші дәрежедегі мақсат, жайылымдық шөптердің жоғарғы және кепілденген өнімін алу үшін, жинау технологиясын дамыту және аса жетілдірілген жинау машиналарын жасау болып тұр, бұлар тұқымдық дәндердің, оны ең аз шығынмен және жоғары сапасының сақталуымен жинауға мүмкіндік туғызар еді[1].

Дала алқаптары және оның аймақтық топырақтары үшін, негізгі тұқымдастар: көген тамырсыз бидайық, бидайық, эспарцет, көк және сары гүлді жоңышқа және олардың басқа шөптермен аралас түрлері жатады. Ал, даланың сортаң алқаптарына, мына түрлері ұсынылады: ақ және сары гүлді түйе жоңышқа, оттық шөп, еркекшөп. Даланың аңызак және құрғақ алқаптары үшін: масақты еркекшөп түрлері, шалғындық атқонақ, ақ және сары гүлді түйе жоңышқа, жоңышқа, құмдақ жердегі эспарцет ұсынылады.

Жер бедері төмен, сумен қамтамасыз етілген учаскілер мен қызғылт топырақты шабындық жерлер үшін: жалбыз, көген тамырсыз бидайық пен сұр бидайық ұсынылады. Жартылай шөлді аймақтардың қатаң климаттық жағдайларында, жоғары өнім беретін сопақша масақты еркекшөп пен шалғындық атқонақ бейімделген. Сонымен бірге бұл көк және сары гүлді жоңышқаға, құмдауыттық эспарцетке, сары және ақ гүлді түйежоңышқаға, изенге қолайлы. Жамбыл және Алматы облыстарында, жер құнарлылығын арттыру үшін еркекшөпті, жетісу жоңышқасын, комфоросманы, ұсынады. Республикамыздың таулы аудандарында топырақ құнарлылығын арттырудағы жемдікшөп түрлеріне: тамыр көгенсіз бидайық, шабындық бетегесі, эспарцет, жоңышқа, беде, жалбыз және басқа шабындық тұқымдастары жатады.

Тұрақты жайылымдық шаруашылық құру, пішендік жерлерді ұтымды, әрі тиімді пайдаланумен бірге, көптеген жағдайларда жемдік шөптердің тұқым өсіру шаруашылығының жүйелеріне тікелей байланысты болады. Қазақстанның өсімдік жамылғысы, жемдік шөптерді пайдалануда күрделі де, әрі біркелкі емес. Бұл әртүрлі табиғи жағдайларға байланысты. Мысалы: қуаңшылық алқаптардың негізгі жайылымдық массивтеріндегі, күрделі мәселе, жердің тозған аудандарын қалпына келтіру болып отыр.

Қазіргі кезде жайылымдықтардың құнарлылығын арттыруда ғалымдардың 20-дан астам ұсынған өсімдік түрлері бар. Жоғарыда көрсетілгендей, дақыл түрлілігі, жоспарланған жемдік шөптердің пайдаланымындағы жерлердің аудандарын жақсарту мен бірге шөптерді егетін аудандарындағы тұқымдық дақылдардың, тұқымдарының мұқтаждығына байланысты болады.

Шөптерді егу барысында, алқаптың ерекшеліктеріне байланысты, мақсатқа сай тұқымдастарды жақсарту қатынастарымен бірге, себудің қабылданған өз нормалары бар:

бұршақ тұқымдастары – 13...17 кг/га,
шабындық астық тұқымдастары – 14...17 кг/га,
дала астық тұқымдастары – 10...15 кг/га,
жабайы жемдік өсімдіктер – 10...12 кг/га.

Қазіргі уақытта жайылымдардың жер құнарлылығын жақсартуға көк және сары гүлді жоңышқаны, құмдауыт эспарцетін, ақ және сары гүлді түйе жоңышқаны, атқонақты, жіңішке және жуан масақты еркекшөпті, изенді, теріскенді, кейреуікті, комфоросманы, сексеулді сонымен бірге осы жемдік шөптердің аралас түрлерін пайдаланады. Солтүстіктің жартылай шөлді (аймақтарында) далаларына жоңышқа мен эспарцетті себу керек. Ал, оңтүстікте бұл жемдік шөптерге суармалы учаскелер таңдалып алынады.

Сортаң жерлерді игеруде түйе жоңышқа мен бидайық, өте қолайлы болып келеді. Шөлді жерлерге жіңішке масақты еркекшөпті, сонымен бірге жабайы өсетін жемдік шөптерден изенді, теріскенді, комфоросманы, кейреуікті, сексеуілді себу керек.

Қуаңшылық аймақтардың жер құнарлылығын жақсартудың әдістерін кең көлемде енгізуде, көптеген мөлшерде болашағы бар жемдік шөптердің тұқымдары қажет. Бұл салада табиғи жағдайда өскен шөптерден алынған тұқымдар, жайылымдықтардағы жемдік шөптердің жоғары өнімді, құнды дәндерін алу мақсатына сай келмейді.

Табиғи жайлымдардағы жемдік шөптерден алынған тұқымдар дәндерінің қиқымы өте көп, сапасы төмен болуымен қатар, тұқымының өну мерзімі созылмалы өтеді. Осыған байланысты, қуаңшылық жерлерде өсетін, жемдік шөптерден тұқымдық дәндерді алу шаруашылығын ұйымдастырғанда ғана, мақсатымызға сай келетін, төзімділігі жоғары, сапалы өнім беретін дәндер алуға мүмкіншілік туады. Жайылымдық жерлердің құнарлылығын арттыруда, жемдікшөп егуден көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқанына қарамастан, алынатын масштабтары әлі де болса, мардымсыз болып отыр. Жыл сайын республикамызда міндетті түрде 1,0 млн га шөлді және жартылай шөлді жайлымдарды жақсарту қажет. Бұны барлық технология процестерін кешенелі механикаландырумен бірге, жайылымдық жемдік шөптердің тұқымдарын жоғарғы сапада дайындаған кезде ғана орындауға болады.

Астық жинау машиналарынан Ресейдің «Енисей» және СК-5М «Нива» комбайндарына жаңа қондырғылар орналастыра отырып, оның тұқым жинау кезінде, тұқым өнімділігіне, сапасына оң әсерін тигізуі және айтарлықтай шығын жасауға жол бермеуі анықталды. Жайылымдық шөптердің тұқымын комбайнмен орып-бастыру кезінде болатын шығындарды азайту мақсатында, жетілдірілген көлбеу тасымалдаушымен жабдықтап, тұқымды бастырудың технологиялық схемасын өзгерту арқылы, шығынды азайтудың жаңа шешімдері мен әдістері ұсынылуда.

Болашағы зор зерттеу бағыттарының бірі, шөптің тұқымын жинап бастыратын комбайнның жұмыс тетіктерінің көрсеткіштерін жақсарту болып отыр. Бұны астық бастыратын комбайнға орналастырылған жаңа қондырғының жұмыс тетіктерінің оптималды жұмысын айқындау және параметрлерінің негізгі көрсеткіштері мен тиімділігін жақсарту нәтижесінде қол жеткізуге болады [2].

-
1. Батыршин А.Г. Механизация работ по улучшению лугов и пастбищ. -Алматы, 1972
 2. Садыков Ж.С. Новые технологии и машины для уборки семенных посевов сельскохозяйственных культур. КазНИИНКИ, -Алма-Ата 1992.

Жайылымдық өсімдіктердің тұқымын жаңа қондырғымен сапалы жинаудың мүмкіншілікті бағытының бірі – тұқым жинау комбайндарының кейбір құрылғыларын жетілдіру болып табылады.

Одним из перспективных направлений уборки качественных семян пастбищных растений является совершенствования отдельных устройств семяуборочных комбайнов.

In the paper are described a situation of agricultural engineering of our republic, and the paths of escaping of a crisis condition are given by usage innovations.